

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кім зерек?" Мақсаты: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға, 5 м қашықтықтағы жалаушаға екі аяғымен жылжи отырып, секіруге дағдыландыру; секірудің әртүрлі түрлерін орындауда тепе-теңдікті сақтай отырып, өзгермелі жағдайларда секіру дағдыларын жетілдіру; зеректікке, шымырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "С. Оспанов "Тілегіміз- бейбіт күн" (жаттау)" Мақсаты: балаларды ермексаздан бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы әскери ұшақты мүсіндеуге үйрету; "соғыс", әр елдің армиясы бар екендігі, ондағы қызмет ететін сарбаздар мен офицерлер, генералдар бар екендігі жайлы, арнайы әскери кемелер мен ұшақтар, танкілердің болатындығы жайлы, әскери құралдар туралы білім беру; қазақтың батыр қыздары, шығыстың қос шынары жайлы айту; Отанға сүйіспеншілікті арттыру және патриоттық сезімдерін оятып, оны қорғауға, ардагерлерді құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: "Соғыс көлігі танк" Мақсаты: балаларды құрылыс материалдарынан соғыс көлігі танкті құрастыруға үйрету; соғыс, Ұлы Отан соғысы және Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар туралы білімдерін толықтыру; "танк" туралы балаларға қызықты ақпараттар бере отырып, танк және оның түрлерін ажырата алу іскерліктерін дамыту; танк құрылымын атай білу; балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін, қорғауға және қамқор болуға тәрбиелеу, жаңашырлық сезімдерін ояту.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Біз Отанның сарбазы" Мақсаты: балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Сыйлық дегеніміз не?" Мақсаты: құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Сүйіспеншілікке, басқа адамға жылулық, жақсы көңіл-күй сыйлауға тәрбиелеу.</p>
<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Кім жылдам?" Мақсаты: балалардың секіру, жүгіру, жүру түрлерін игеру қабілеттерін жетілдіру; түрлі жаттығуларды топтастар арасында белгілі тәртіпте, достыққа жасауға ынталандыру.</p>	<p>Орыс тілі Тақырыбы: "Военная служба. Рассказывание сказки "Каша из топора"." Мақсаты: продолжать развивать общие представления детей о воинской службе, о празднике "День защитника Отечества"; развивать понятие "Родина", "Отечество"; познакомить с родством по смыслу данных слов и слов "защитить" и "беречь", "военный" и "служивый", "умный" и "находчивый"; познакомить с содержанием сказки "Каша из топора"; уточнять уточнять понятия "вперед", "назад", "направо", "налево", "кругом"; формировать убеждения о необходимости защиты Родины.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Жәндіктер әлемі" Мақсаты: балалардың жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз) туралы түсініктерін қалыптастыру; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту; қоршаған ортаға байланысты жылы сезімдерін қызығушылықтарын тәрбиелеу; жанды табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу; жанды табиғаттың кішкентай тіршілік иелерін қорғауға баулу; топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа үйрету.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Атқа мінген шабандоз " Мақсаты: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту; "Отан қорғаушылар күні" туралы түсініктерді тиянақтау; көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; салаутты өмір салтын ұстануға, Отанын сүю сезіміне тәрбиелеу.</p>	
	<p>Ағылшын тілі Тақырыбы: "Summer" Мақсаты: жаз мезгіліне байланысты жаңа бірліктермен танысу. Тыңдау, сөйлеу, жазу, сөзді түсіну, диалог құру, есте сақтау қабілеттері мен дағдыларын дамыту. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың өсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші Тақырыбы: "Асқар таулар" Мақсаты: балаларды қоршаған орта туралы білімдерін бекіту; табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға тірі және өлі табиғат жөнінде білімдерін кеңейту.</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: "Әуе шары қалықтайды" Мақсаты: балаларды түрлі-түсті тіктөртбұрыштан шар тәріздес дөңгелек пішінді кесіп алып, желімнің көмегімен бір-біріне жапсыру арқылы әуе шарының шарын жапсыруға, тіктөртбұрышты бұру арқылы әуе шарының себетін жапсыруға үйрету; тіктөртбұрыштан жолақтарды кесіп алып, әуе шарының шары мен себетін бір-біріне жалғау іскерліктерін жетілдіру; әуе көліктері түрлерін еске түсіріп, әуе шары туралы білімдерін толықтыру.</p>	

	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Дыбыстар мен әріптерді пысықтау" Мақсаты: өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: "Әскери ұшақ" Мақсаты: балаларды ермексаздан бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы әскери ұшақты мүсіндеуге үйрету; "соғыс", әр елдің армиясы бар екендігі, ондағы қызмет ететін сарбаздар мен офицерлер, генералдар бар екендігі жайлы, арнайы әскери кемелер мен ұшақтар, танкілердің болатындығы жайлы, әскери құралдар туралы білім беру; қазақтың батыр қыздары, шығыстың қос шынары жайлы айту; Отанға сүйіспеншілікті арттыру және патриоттық сезімдерін оятып, оны қорғауға, ардагерлерді құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	
	<p>Вариативті компонент - Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Щ, Ч, Э, Ю" дыбыстары және әріптері" Мақсаты: Щ, Ч, Э, Ю, Я дыбыстарын және Щ, Ч Э, Ю, Я әріптерін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Щщ, Чч, Ээ, Юю, Яя әріптерін, жазылу таңбаларымен таныстыру, жазуға үйрету. Есте сақтау, фонемалық есту қабілеттерін арттыру.</p>			

Табиғаттың гүлденуі / Расцветает природа / The flowering of nature // (2-апта)

Мақсаты. Балалардың қоршаған орта, экологиялық мәдениет, көктемде өсімдіктердің гүлденуі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, табиғат құндылығы және табиғатта өзін ұстай білу ережелері туралы білімдерін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Арқан арқылы жанымен секіру". Мақсаты: балаларды арқан арқылы қос аяқтап жанымен секіруге үйрету; допты бір-біріне екі қолымен көкірек тұсынан лақтыруға жаттықтыру; секірудің әртүрлі түрлерін орындауда тепе-теңдікті сақтай отырып, өзгермелі жағдайларда секіру дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Таңғажайып гүлдер" Мақсаты: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру; балалардың ойларымен бөлісіп, диалог ұйымдастырып тілдік нормаларын дамыту; балаларды әдемілікті көре білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: "Табиғат заңдылықтарын ұстанайық" Мақсаты: геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге жаттықтыру. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту. «Жоғарыда - төменде» ұғымдарын пысықтау. Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту. Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтау. Балаларды зеректікке, байқампаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Гүл көбелек" Мақсаты: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Мен қуаныштымын" Мақсаты: жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Мереке, қуанышы туралы түсінік беру. Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Қуаныш сыйлау алуға үйрету. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p>
---	---	---	--	--	--

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Арқан арқылы жанымен секіруді пысықтау". Мақсаты: балалардың арқан арқылы қос аяқтап жанымен секіре білу, допты бір-біріне екі қолымен көкірек тұсынан лақтыра білу қабілеттерін дамыту; түрлі жаттығуларды орындауда тепе-теңдікті сақтауда жаттықтыру; топтастармен бірлесіп және жеке жаттығуларды сапалы орындауға ынталандыру.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене» «өлеңмен танысу» Мақсаты: тірі және өлі табиғат нысандары туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету. Қойылған сұраққа толық жауап беруге, сурет бойынша әңгімелеуге дағдыландыру. Бір-бірімен достық қарым-қатынаста болып, сөздік қорын дамыту. Үлкенді сыйлауға, қоршаған ортаны қорғауға, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Жаңбырдың түрлері" Мақсаты: балалардың жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауы мен шығармашылық қиялын дамыту; білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Көңілді көктем әндері" Мақсаты: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру; оқу қызметін пысықтау.</p>	
<p>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: "Табиғаттағы қауіпсіздік" Мақсаты: балаларға табиғатта болғанда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; табиғаттағы қауіп түрлерімен таныстыру; табиғатта қауіп төнген жағдайдан құтылу шараларын білуге үйрету.</p>	<p>Орыс тілі Тақырыбы: "Рассказывание по мотивам сказки Г.Х. Андерсена "Дюймовочка". Не рвите цветы." Мақсаты: расширять знания детей о видах цветов, цветущих весной; укреплять представления о внешних особенностях; познакомить с оновным содержанием сказки Г.Х. Андерсена "Дюймовочка"; уточнять знания о жизни животных, птиц и насекомых в период четырех времен года; давать представления о правилах ухода за цветами, сохранения растительного видообразия в природе. Учить детей внимательно слушать и понимать русскую речь, рассказывание основного сюжета сказки Г.Х. Андерсена "Дюймовочка"; развивать умение понимать причины поступков тех или иных героев; развивать умения судить о герое по его поступкам; упражнять в разгадывании загадок о цветах, пропевании хороводной песенки на русском языке.</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші Тақырыбы: "Әсемдік әлемі" Мақсаты: балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру; балалардың қиялын, ой-өрісін, зейінін дамыту: ұқыптылыққа, өдемілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Жұпаргүл бұтағы" Мақсаты: балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету; ақ пен көк-сия түстерін араластыру нәтижесінде ақшыл күлгін түсті жасап, суретте пайдалану білігін қалыптастыру; жасыл көктем мезгіліндегі гүлдердің түрлері туралы ұғымдарды тиянақтау; зейінін, қолдың ұсақ моторикасын, эстетикалық талғам қабілетін дамыту.</p>	

<p>Вариативті компонент - Ритмика Тақырыбы: "Әскери адым" Мақсаты: балаларды әскери адым түрімен таныстыру; адымдау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.</p>	<p>Ағылшын тілі Тақырыбы: "Clothes" Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, ағылшын тілінде жаңа сөздерді жаттау; ойын арқылы ойлау, есте сақтау, сөйлеу, түсіну, тыңдау қабілеттерін дамыту. Берілген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету; Ағылшын тілінде киім туралы ұғым қалыптастыру. Пәнге қызығушылығын ояту, киіну мәдениетінің қыр-сырын ұғынатын эстетикалық тәрбие беру, есемдікке, сұлулыққа, ұйымшылдыққа баулу.</p>	<p>Вариативті компонент - Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: "Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?" Мақсаты: балалардың геометриялық денелері жайындағы білімдерін бекіту; логикалық есептерді шешуде жаттықтыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: "Тікенекті кактус" Мақсаты: балаларды тіктөртбұрыштарды сопақша етіп кесіп, сопақшаларды тең ортасынан бүктеп, бірінің үстіне бірін жапсыру, бүктелген сопақшалардан кактус сабағын құрастырып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; қағазды ұсақтап кесіп, кактус сабағының арасына жапсыру арқылы, кактус тікенектері деп қабылдауға үйрету; гүл қимаулілерін желімнің көмегімен тиянақты етіп жапсыруға, желімді дұрыс пайдалану іскерліктерін жетілдіру; кактус, өсімдіктер, бөлме өсімдіктері жайлы, олардың өсу реттілігі, олардың күтіміне қажет заттарды ажыратып алу қабілеттерін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	
	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Дыбыстар. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау" Мақсаты: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Білуге деген құштарлықтарын арттыру; өзін жақсы көруге, бағалауға тәрбиелеу.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: "Қарапайым түймедақ" Мақсаты: балаларды ермексаздан түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; жіңішке таяқшаға ермексазды жағып, гүлдің сабағы деп қабылдауға үйрету; мүсіндеуге эмоционалды әсер және қызығушылық шақыру; жұмысты ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу; "түймедақ" гүлі туралы мағлұмат беру; "түймедақ" гүлін мүсіндеудің екінші тәсілін көрсету; балалар өздерінің қалаулары бойынша мүсіндеу тәсілдерін таңдауға ерік беру.</p>	
			<p>Вариативті компонент - Жапсыру Тақырыбы: "Дала гүлдері" Мақсаты: балаларды дала гүлдерімен таныстыру; түрлі-түсті қағаз арқылы дала гүлдерін құрастырып жапсыруға үйрету; дала гүлдерін жапсыруға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>	

Көктемгі егістік / Весенние работы / Spring sowing // (3-апта)

Мақсаты. Ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу, көктем мезгіліндегі ауыл шаруашылық жұмыстарының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; жер жырту, егістік (егін егу, тұқым себу) жұмыстары. Танымдық қызығушылықты, білуге құмарлықты дамыту.

<p>Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Құрсауды тура бағытта домалату" Мақсаты: балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "А.Бақтыгерееваның "Гүл ектік" өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" Мақсаты: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өдептілікке, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" Мақсаты: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру; қарапайым мысалдар мен есептерді шешу біліктерін бекіту; сандар қатарын және сандар құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; зейінін, есте сақтау, ойлау, талқылау қабілеттерін дамыту; ұқыптылыққа, қолындағы затты орнына қоюға тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Ақ жаңбыр" Мақсаты: балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Бұның аты - еңбек" Мақсаты: балалардың еңбектің адам тіршілігінің негізі жайындағы ұғымдарын тиянақтау; түрлі мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру; кез келген мамандықты игеруге қажет қабілеттер жайында түсіндіру; есте сақтау, қабілетін, ой өрісін дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қоғамға сіңу қасиеттеріне баулу.</p>
	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Құрсаумен жаттығулар" Мақсаты: гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: ""Қоян және кірпі" ертегі – пантомима" Мақсаты: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу. Есте сақтауды, зейінді, артикуляциялық аппаратты, ыммен жеткізу қабілетін дамыту. Театрға және қарым-қатынас мәдениетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: "Бөлме өсімдігі - шегіргүл" Мақсаты: балаларды гофрленген қағаздан шеңбер, сопақша пішіндерін қиып, қағаз бетіне жапсырып шегіргүл өсімдігін құрастыруға үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша гүлдің ауызын жасауға, бөлме өсімдіктерінің басқа өсімдіктерден айырмашылықтарын табуға үйрету; гофрленген қағаз туралы мағлұматтар бере отырып, қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; табиғаттың әсемдігіне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу; жасалған жұмыстың сапасына көңіл аударып, бағалау қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Жау-жау, жаңбыр" Мақсаты: музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Достасу амалдары" Мақсаты: "Достық", "бірлік" құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету. Қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту. Достық қарым- қатынас дағдыларын дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.</p>

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Құрсаумен эстафеталар" Мақсаты: балаларды құрсауды тура бағытта домалату іскерліктерін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай дамыту; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>Орыс тілі Тақырыбы: "Весна в поле. Чтение рассказа "Железный конь"." Мақсаты: расширять представления детей о процессе весеннего посева, выращивания и сбора урожая хлеба; познакомить с содержанием рассказа "Железный конь", со значениями слов "железный конь", "плуг", "хлебороб"; показать особенности звучания слов со звуком [Р], закреплять знания детей о особенностях обитания перелетной птицы, ласточки; познакомить со словами "Что посеешь, то пожнешь". Учить детей слушать, понимать смысл рассказа на русском языке о тракторе и полевых работа человека; учить проговаривать глаголы со звуками [Р], а также звукоподражательные слова с днным звуком, развивать артикуляцию; упражнять в построении ответов, опираясь на понимание речи и опорные картинки; рассказывать на русском языке песенку о ласточке, передавая особенности движений.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Астра гүлінің орнын ауыстыру" Мақсаты: балалардың астра гүлін егіп, өңдеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету; өз қолдарымен жасаған әдемілікке қарап мақтаныш сезімін тудыру; жауапкершілігін арттыру, табиғатқа қатыстылығын сездіру; табиғатқа деген жанашырлық сезімін ояту.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Менің атам егінші " Мақсаты: балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты немесе пластиктен жасалған шанышқыны бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру; сюжетті егіннің бойынша тұрған ағаштардың және ұшқан құстардың бейнелерімен толықтыруға үйрету; адамның көктем мезгіліндегі дала жұмыстары туралы түсініктерін тиянақтау; еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</p>
	<p>Ағылшын тілі Тақырыбы: "Review" Мақсаты: "Clothes" тақырыбын қайталау. Тыңдау, сөйлеу, жазу, сөзді түсіну, диалог құру, есте сақтау қабілеттері мен дағдыларын одан әрі дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Барлық өткен тапсырмаларды қамту.</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші. Тақырыбы: "Бөлме өсімдіктер" Мақсаты: балалардың өсімдіктердің өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл шүберекпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету; сөздік қорын байыту; жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу, тіршілік иелеріне қамқорлық жасауда жауапкершілік таныту.</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: "Ормандағы Маша мен Аю" Мақсаты: балаларды "Маша мен Аю" ертегісіндегі аюды жартылай құрғақ қылқаламның ұшын қағазға тигізу әдісі бойынша, қоңыр түсті бояумен аю дайындамасын бояуды үйрету; ертегідегі Машаны түрлі-түсті қарындашпен бояп, ертегі кейіпкерлерінің дайындамасын көлденең орналасқан жазық қағаз бетіне, шырша және ағаш дайындамаларын қағаз бетінің екі жақ шетіне орналастырып, гофрленген қағаздан алаңқай, умаждау әдісімен бұлттарды, ағаштың ұшар басындағы алмаларды, күнді жапсыруға үйрету; кеңістікте бағдарлау алу, дайын бөліктерден сюжетті аппликация құрастыру іскерліктерін жетілдіру; қағазды бұру арқылы цилиндрді шығарып, себет деп қабылдау; ертегі кейіпкерлерінің пішіндерін қағаз бетіне жапсыру дағдыларын дамыту.</p>

	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсаты: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету. Сөйлем. Сөйлемдегі сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа талдай білуге үйрету. Сөздік қорындағы сөздерді сөйлем, әңгіме құрауда пайдалана білуге үйрету. Балалардың ойлай білу және өзіндік пікір айту қабілеттерін дамыту.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: "Баптағанға – жер жомарт" Мақсаты: көктемгі егістіктіктердің маңыздылығын айтып, баптағанға – жер жомарт екенін түсіндіру. Балаларға мүсіндеу оқу қызметінің түрлі тәсілдерімен көрсете отырып, баланың саусақ моторикасын дамыту. Адамдардың еңбектеріне құрметпен қарап, азық-түліктің қалай келетінін, оны қастерлей білуге тәрбиелеу.</p>	
	<p>Вариативті компонент - Сауат ашу негіздері Тақырыбы: ""Я, Ы, Ь" дыбыстары және әріптері" Мақсаты: оқушыларды я, ы, ь белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, я, ы, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Оқушылардың ойлау, есте сақтау, сауатты сөйлеу, мәнерлеп оқу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>			

Жайдары жаз келді! / Вот и лето пришло / Summer // (4-апта)

Мақсаты. Жаздағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен таныстыру. Жазғы уақытта өткізілетін демалыстар, жаз мезгілінің қызықтары туралы білімдерін кеңейту.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Доға астынан өту кезінде топтасу" Мақсаты: балаларды доға астынан өту кезінде топтасуға үйрету; қолын беліне қойып, үрілген доптардан аттап жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын қалыптастыру; ептілік пен жылдамдықтарын арттыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: ""Жаздың кезі көңілді" тақырыбына шығармашылық әңгіме құру" Мақсаты: жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, көрген-білгенін байланыстыра әңгімелеуге жаттықтыру. Табиғатты аялауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: "Жиыны қанша?" Мақсаты: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, геометриялық пішіндер мен түстерді ажырату, қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту; өз бетінше жұмыс жасау іскерлігін жетілдіру; сөздік қорын молайту, зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Біз мектепке барамыз" Мақсаты: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру; айтылатын әнді музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; музыкалық-ырғақтық жаттығуларды әуенге сай үйлесімді орындай білуге жаттықтыру.</p>	<p>Өзін-өзі тану Тақырыбы: "Бала шақтан болашаққа" Мақсаты: балаларды армандауға, болашақтарын елестете алуға үйрету.</p>
---	---	---	--	--	--

<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Доға астынан өту кезінде топтасуды пысықтау" Мақсаты: балаларды доға астынан өту кезінде топтасу іскерліктерін жетілдіру; қолын беліне қойып, үрілген доптардан аттап жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын қалыптастыру; елтілік пен жылдамдықтарын арттыру; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Кел, жаттайық. Т.Молдағалиев "Жаз келіпті"" Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру. Өлең жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: балалардың ауамен тәжірибелер мен зерттеулер арқылы іздеу-танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту; зерттеу қызметін жүргізу кезінде шығармашылық ойлау мен белсенділікті, тәуелсіздікті дамытуға ықпал ету; әлем құбылыстарында қарапайым заңдылықтар мен байланыстарды орнатуға, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде тәуелсіз қорытындылар мен қорытындылар жасауға үйрету; табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: "Қош бол, балабақша!" Мақсаты: балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттерін жетілдіру; айтылатын әнді музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; музыкалық-ырғақтық жаттығуларды әуенге сай үйлесімді орындай білуге жаттықтыру; оқу қызметін пысықтау.</p>	
<p>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: "Қауіпті өсімдіктер" Мақсаты: балаларға таныс емес қауіпті өсімдіктерді қолданудың қауіпсіздік ережелерін білуге үйрету; қауіпті өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; табиғат аясындағы жеуге жарамды өсімдіктерді қолдану шараларын білуге үйрету.</p>	<p>Орыс тілі Тақырыбы: "Время года лето. Лесная сказка." Мақсаты: расширять представления детей о времени года лето и летних явлениях природы; познакомить с основным содержанием сказки В. Бианки "Хвосты"; знакомить со словами, именами прилагательными, обозначающих принадлежность предмета объекту; расширять представления о насекомых, птицах, объектах неживой природы, которые окружают детей летом. Учить детей воспринимать и понимать содержание сказки "Хвосты" В Бианки, называть главных героев на русском языке; проговаривать стихи и песенки, соблюдая средства выразительности на основе ритмической музыки, драматизации; развивать умения взаимодействовать в рамках группы, индивидуально, отвечать на вопросы; учить подбирать и проговаривать имена прилагательные ("рыбий", "рачий", "коровий", "олений", "дятлов", "волчий", "беличий", "петушинный"); развивать слуховую память, мышление, умение проявлять положительные эмоции, воображение.</p>	<p>Вариативті компонент - Жас зерттеуші. Тақырыбы: "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының саусақ ұсақ моторикасын жетілдіру; есте сақтау қабілеттерін дамыту; туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Жазғы демалыс " Мақсаты: балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету; өз суретіне атау қоюға машықтау; суретте адамның денелерін түрлі қалыптарда көрсетуге талпындырту; жаз мезгілі жөнінде жалпы түсініктерін тиянақтау; достыққа тәрбиелеу.</p>	

	<p>Ағылшын тілі Тақырыбы: "Final game" Мақсаты: жыл бойы оқылған материалдарды қайталау. Пәнаралық білімді пайдалануды үйрету. Сөздік қордың кеңеюіне ықпал ету, пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамуына ықпал ету.</p>	<p>Вариативті компонент - Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Тақырыбы: "Футболшылар саны нешеу?" Мақсаты: балалардың реттік санау, кеңістікті бағдарлау, логикалық есептерді шешу қабілеттерін жетілдіру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: "Алтын балық" Мақсаты: балаларды көгілдір түсті қағазды ұзыннан жұрту арқылы қағаз бетіне көлденең жапсырып,оны теңіз деп қабылдап, "Алтын балық" ертегісіндегі алтын балықты қағаздан денесін сопақша етіп кесіп алу, жүзбеқанаттары мен құйрығын қағазды бірнеше қайтара бүктеу арқылы қағаздан жасалған теңіздің үстіне жапсыруға үйрету; дидактикалық ойын арқылы балаларды теңіз және өзен балықтарын бір-бірінен ажыратуға үйрету; танымдық қабілеттерін дамыту; өз еріктерімен қайшымен дұрыс жұмыс жасау іскерліктерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ертегіні еске түсіру арқылы арттыру; қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.</p>	
	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: "Ойындар" Мақсаты: барлық өткен материалдарды қайталау. Жыл бойы өтілген материалдарды дидактикалық ойындар арқылы, қайталау арқылы еске түсіру. Ойлау қабілеттері мен тіл байлықтарын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>		<p>Мүсіндеу Тақырыбы: "Жәндіктердің сәні – көбелек" Мақсаты: балаларды ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, ермексазды есу, домалақтау әдістерін пайдалана отырып көбелекті мүсіндеуге үйрету; қырнауышпен тырнау іскерліктерін дамыту; ермексазды домалату арқылы көбелектердің қанаттарын безендіру; жаз мезгілінің ерекшеліктері мен белгілері туралы айтып, жаздағы тіршілік иелері жайлы білімдерін кеңейту; балаларға мүсіндеу оқу қызметінің түрлі тәсілдерін көрсете отырып, баланың саусақ моторикасын дамыту.</p>	
			<p>Вариативті компонент - Жапсыру Тақырыбы: "Күннің көзі" Мақсаты: балаларды сары түсті қағазды түйіршіктеу әдісімен таныстыру; сары түсті қағазды түйіршіктеу арқылы күннің көзін жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.</p>	